

«БЕКІТІЛДІ»
«QAZAQ AIR» АҚ Директорлар кеңесінің
2018 жылғы «24» тамыздағы № 33 шешімі

«QAZAQ AIR» АҚ Директорлар кеңесінің
бетпе-бет отырысының
2018 жылғы «24» тамыздағы № 33 хаттамасына
№ 4 қосымша

**«QAZAQ AIR» АҚ-ның
Бастамашылықпен ақпарат беру саясаты**

Алматы, 2018 ж.

1. Терминдер, анықтамалар, қысқартулар

Қор	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ
Компания	«QAZAQ AIR» АҚ
Аудит және тәуекелдер комитеті	«QAZAQ AIR» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитеті
Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ)	Өкілді демократия және еркін нарықтық экономика қағидаттарын мойындайтын экономикалық дамыған елдердің халықаралық мемлекетаралық ұйымы
Саясат	«QAZAQ AIR» АҚ-ның Бастамашылықпен ақпарат беру саясаты
Басқарма, Басшылық	«QAZAQ AIR» АҚ-ның атқарушы органы
Жұмыскер	Компаниямен еңбек қатынастарында тұратын тұлға
Директорлар кеңесі	«QAZAQ AIR» АҚ-ның Директорлар кеңесі

2. Кіріспе

2.1. «QAZAQ AIR» АҚ (бұдан әрі - Компания) корпоративтік басқарудың, транспаренттіліктің және есептіліктің ең үздік стандарттарына ұмтылады. Компания өз қызметін Компанияның Әдеп кодексінде (бұдан әрі - Әдеп кодексі) қабылданған құндылықтар, қағидаттар мен әдеп стандарттарына негізделі отырып жүргізеді және сыбайлас жемқорлық пен пара алуды мүлдем қабылдамауды ұстанады.

2.2. Компания әдеп қағидаттары мен стандарттарын бұзуға қатысты тәуекелдерді басқару, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен ЭЫДҰ басшылығының сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау үшін осы «QAZAQ AIR» АҚ-ның Бастамашылықпен ақпарат беру саясатын (бұдан әрі-Саясат) енгізді және қабылдады.

2.3. Кез келген бұзушылық, атап айтқанда Әдеп кодексін сақтамау Компаниямыздың және жалпы «Самұрық - Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның (бұдан әрі-Қор) қызметі мен беделіне елеулі нұқсан келтіруі мүмкін. Осыған байланысты, Компания жұмыскерлерден Әдеп кодексін, сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі талаптардың сақталмауы және өзге де бұзушылықтар туралы өз алаңдаушылығын білдіруді талап етеді және өзге де қауымдасқан тұлғаларды бұл бастамада көтермелейді. Қауымдасқан тұлғаларға Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, жұмыскерлер, агенттер, бірлескен жобалар бойынша серіктестер, еншілес ұйымдар және Компания үшін қызмет көрсететін немесе оның атынан әрекет ететін өзге де тұлғалар кіреді.

2.4. Әдетте, болжамды бұзушылықтар туралы бірінші болып Компания жұмыскерлері біледі. Алайда, көптеген жұмыскерлер бөлімше басшысына немесе Компания басшылығына бұзушылықтар туралы алаңдаушылықты білдіру әртүрлі себептерге байланысты қолайсыз деп санауы мүмкін, жұмыскерлер олардың алаңдаушылығын тудыратын мәселе елеусіз деп ойлауы мүмкін немесе жұмыскерлердің өз алаңдаушылығын білдіруі мұндай жұмыскердің Компанияға теріс пиғылды қарым-қатынасы ретінде қарастырылады немесе бұл мәселені елемей оңайырақ болады деп есептеуі мүмкін. Осыған байланысты, Компания бұзушылықтар туралы ақпаратты ашатын жұмыскерлерге немесе өзге де үлестес тұлғаларға жұмыс орнын сақтауды қоса алғанда, қысым көрсетілуден қорғауды ұсынады.

3. Қолдану аясы

3.1. Саясат Компания жұмыскерлеріне және басқа да үлестес тұлғаларға Компанияда жасалған немесе жасалатын бұзушылықтарға қатысты өз алаңдаушылықтарын тиісті тұлғаларға қалай білдіру керектігіне қатысты нұсқаулықты қарастырады.

3.2. Төменде бұзушылықтарға мысал келтірілген:

Парақорлық және сыбайлас жемқорлық

Заңсыз сыйақы;
Алаяқтық;
Сөз байласу;
Мәжбүрлеу;
Өкілеттіктерді теріс пайдалану.

Жалдау мен еңбек шарттарының теңсіздігі

Кемсітушілік;
Еңбек даулары;
Қудалау;
Әдепсіз қылықтар.

Бухгалтерлік есептегі бұзушылық

Бухгалтерлік есептегі қателер;
Бухгалтерлік есептегі бұрмаланулар;
Қаржылық олқылықтар;
Жазбалар мен құжаттарды бұрмалау.

Денсаулыққа, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қауіп

Қоршаған ортаға залал келтіру;
Мүлікке зиян келтіру;
Қауіпті жұмыс жағдайлары;
Компанияның мүлкін ұрлау;
Денсаулыққа зиян келтіру.

Ақпараттың жылыстауы

Құпия және инсайдерлік ақпаратты
рұқсатсыз жариялау.

4. Алаңдаушылықты білдіру

4.1 Саясатты қолданудың жоғарыда көрсетілген салаларында қамтылған мәселелерге қатысты шынайы алаңдаушылығы бар кез келген жұмыскер немесе өзге үлестес тұлға осындай алаңдаушылық туралы саналы қысқа мерзімде хабарлауы керек. Бұл ретте мұндай алаңдаушылықтың адал, шынайы және зиянды ниетсіз білдірілуін қамтамасыз ету маңызды. Сонымен бірге, жұмыскерден немесе өзге үлестес тұлғадан мәселеге өз бетінше тергеу жүргізу күтілмейді.

4.2 Компания жұмыскерлер мен өзге де үлестес тұлғалар олардың хабарламалары тиісті түрде қаралатынына және тиісті ден қою шаралары қабылданатынына сенімді болуы үшін бастамашылықпен ақпарат беру желісіне сенімді арттыру маңызды екенін мойындайды. Осыған байланысты, Қор жұмыскерлерге және өзге де үлестес тұлғаларға өзінің алаңдаушылығын тәуелсіз үшінші тарапқа, оның ішінде құпия немесе анағұрлым анонимді негізде білдіруге мүмкіндік беру үшін сыртқы операторды тартады. Мұндай хабарламалар тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн мынадай тәсілдердің бірімен немесе бірнешеуімен жіберілуі мүмкін:

- Тегін телефон желісі;	Сыртқы оператордың деректері мыналар арқылы тұрақты түрде хабарланады:
- Электрондық почта;	- Компанияның корпоративтік сайты;
- Интернет.	- Комплаенс тренингтер;
Бұл байланыс құралдары қауіпсіз және арнайы кодтау құрылғыларымен қорғалған.	- Кеңсе постерлері;
	- Экран бет бастары,
	- Өткізу карточкалары;
	- Басқалары.

4.3 Сыртқы оператор әкімшілендіретін бастамашылықпен ақпарат беру желісіне қосымша Қор және Компания алаңдаушылықты білдіруге арналған бірнеше ішкі арналарды ұсынады:

- Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары

Бұл жағдайда хабарлама жеке кездесуде немесе жазбаша түрде жасалуы мүмкін. Егер мәселе жазбаша түрде көтерілсе, қаралатын мәселенің тарихын және хронологиясын баяндап, алаңдаушылықтың себептерін нақты көрсеткен дұрыс.

Егер бөлімше басшысы бұл мәселені қарай алмаса, ол туралы ауызша немесе жазбаша нысанда басшылыққа хабарлау қажет.

- Басшылық

Егер қаралатын мәселе бөлімше басшысына қатысты болса немесе егер осы мәселені бөлімше басшысымен талқыламаған дұрыс болса, онда жұмыскер немесе өзге үлестес тұлға өзінің алаңдаушылығы туралы Компания басшылығына хабарлай алады. Сонымен қатар, мәселе мен алаңдаушылық тудырған себептер жазбаша түрде нақты көрсетілгені жөн.

- Қордың және/немесе Компанияның Комплаенс қызметінің басшысы (*бар болса*)

Бөлімше басшыларына немесе басшылыққа хабарламалар жолдауға қосымша немесе егер олармен талқылау жүргізілмесе, бастамашылықпен берілетін хабарламалар Комплаенс қызметінің басшысына жіберілуі мүмкін. Компанияда Комплаенс қызметі болмаған жағдайда бұл хабарламаларды Компанияның Ішкі аудит қызметінің басшысына жіберуге болады.

- Ішкі аудит қызметінің басшысы

Егер талқыланатын мәселе қаржылық есептіліктегі ықтимал сәйкессіздіктерге қатысты болса, жұмыскерлер және өзге үлестес тұлғалар бұл туралы ауызша немесе жазбаша нысанда Компанияның ішкі аудит қызметінің басшысына хабарлауға тиіс.

- Қордың және/немесе Компанияның омбудсмені (*бар болса*)

Егер талқыланатын мәселе қандай да бір еңбек дауына немесе әріптестер арасындағы өзара қарым-қатынасқа қатысты болса, жұмыскерлер бұл туралы Қордың омбудсменіне немесе Компанияның Ішкі аудит қызметінің басшысына ауызша немесе жазбаша нысанда хабарлауға тиіс.

4.4 Қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін фактілер туралы хабарламаларды Компания қарастырмайды. Дәйекті алаңдаушылық білдірген тұлғаға уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіну қажеттігі туралы хабарлануға тиіс. Тұлғаға

уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіну қажеттігі туралы хабарлау мүмкіндігі болмаған кезде уәкілетті тұлғалар ақпаратты одан әрі қарау және уәкілетті мемлекеттік органдарға беру үшін Қордың орталықтандырылған қауіпсіздік қызметіне ұсынады.

5. Қысым көрсетуге қарсы кепілдіктер

5.1 Осы Саясатқа сәйкес бұзушылықтар туралы хабарлаған жұмыскерлер мен өзге де үлестес тұлғалар қандай да бір жағымсыз қарым-қатынасқа немесе қандай да бір түрде жазаға тартылмайды. Жұмыскерлердің жұмыс орнын сақтауды қоса алғанда, құқықтары мен мүдделері толық қорғалады. Сонымен бірге, теріс пиғылды әрекет ететін немесе жеке пайда алу мақсатында және/немесе зиянды пиғылмен айып тағатын жұмыскерлерге тәртіптік жазалау шаралары қолданылуы мүмкін.

5.2 Жұмыскерлер мен өзге де үлестес тұлғалар өзінің алаңдаушылығын білдіру үшін сыртқы операторды таңдаған және анонимдік болып қалғысы келген жағдайларда, Қордың тәуелсіз сыртқы операторды тартуы алаңдаушылық білдіретін тұлғаның жеке басын анықтаудың мүмкін болмауын қамтамасыз етеді.

6. Ден қою шаралары

6.1 Сыртқы оператор

- Барлық кіріс хабарламаларын телефон, веб - сайт немесе электрондық почта арқылы алады және өңдейді;
- Мүмкін болған жағдайда алаңдаушылық білдіретін тұлғалармен қарым-қатынас жасайды және барынша өзекті ақпараттың ұсынылуына ықпал етеді;
- Барлық хабарламаларды жіктейді және оларды бұзушылықтарды тергейтін тұлғаларға жібереді;
- Кейіннен Компанияның Басқармасына/ Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетіне ұсыну үшін келіп түскен өтініштер бойынша жауаптар дайындайды.

6.2 Құрылымдық бөлімшелердің басшылары және Компания басшылығы

- Ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламалар алады;
- Өз жұмыскерлерінің осы Саясат пен белгіленген рәсім бойынша хабардар болуын қамтамасыз етеді;
- Алаңдатушылықты оңай білдіре алатын жұмысшылар үшін ашық жұмыс ортасын көтермелейді;
- Осы Саясатқа сәйкес берілген әрбір мәселені тиісті түрде қарайды;
- Алаңдаушылық білдірген тұлғаға ұсынымдар беру мүмкіндігін қарастырады немесе осы мәселемен жеке айналысады;
- Тергеу жүргізу қажеттілігін қарастырады;
- Мүмкіндігінше алаңдаушылықты шешеді;

- Берілген мәселені шешу мүмкін болмаған жағдайда ол Комплаенс қызметінің басшысына (бар болса) немесе Ішкі аудит қызметінің басшысына жіберіледі.

6.3 Ішкі аудит қызметінің басшысы, омбудсмен

- Ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлама алады;
- Осы Саясатқа сәйкес берілген әрбір мәселені тиісті түрде қарайды;
- Алаңдаушылық білдірген тұлғаға ұсынымдар беру мүмкіндігін қарастырады немесе осы мәселемен жеке айналысады;
- Мүмкіндігінше алаңдаушылықты шешеді;
- Берілген мәселені шешу мүмкін болмаған жағдайда, оны Компанияның Комплаенс қызметінің *(бар болса)* немесе Қордың басшысына жібереді.

Компанияда Комплаенс қызметі болмаған жағдайда, Ішкі аудит қызметінің басшысы:

- Ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлама алады;
 - Қажет болған жағдайда тергеу қалай жүргізілетінін анықтайды;
 - Алаңдаушылық білдірген тұлғаны тергеудің барысы туралы тұрақты негізде хабардар етеді;
 - Қажет болған жағдайда, арнайы тергеу комитеттерін құру мақсатында, бөлімше басшыларымен және басшылықпен өзара іс-қимыл жасайды;
 - Келіп түскен өтініштер бойынша Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетін хабардар етеді;
- Компанияның барлық жұмыскерлерін жаңа «жедел желі» туралы ақпараттандыруды қамтамасыз етеді.

6.4 Комплаенс қызметінің басшысы *(бар болса)*

- Ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлама алады;
- Қажет болған жағдайда тергеу қалай жүргізілетінін анықтайды;
- Алаңдаушылық білдірген тұлғаны тергеудің барысы туралы тұрақты негізде хабардар етеді;
- Қажет болған жағдайда, арнайы тергеу комитеттерін құру мақсатында, бөлімше басшыларымен және басшылықпен өзара іс-қимыл жасайды;
- Келіп түскен өтініштер бойынша Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетін хабардар етуге құқылы.
- Компания Басқармасына/ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетіне осы Саясатқа сәйкес алынған бұзушылықтардың санын көрсете отырып, әрбір мәселенің қысқаша сипаттамасы және нәтижесімен жартыжылдық есептер ұсынады.

6.5 Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитеті

- Ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлама алады;

- Қажет болған жағдайда анағұрлым маңызды тергеулерді қадағалауды жүзеге асырады;
- Қажет болған жағдайда, Компанияның Директорлар кеңесіне түзету шараларын ұсынады;
- Жартыжылдық негізде тергеуді басқару жөніндегі есептерді қарайды.

7. Орналасу координаттары

7.1 Өтініштерді қабылдауға арналған жедел телефон желісінің номері және электрондық почта адресі Компанияның интернет-ресурсында көрсетіледі.

Жедел телефон желісінің номері - **8 800 080 19 94**

Электрондық почта адресі - sk.hotline@deloitte.kz

Тәуелсіз компания-сыртқы оператордың интернет-сайты («Делойт» ЖШС) – www.sk.deloitte-hotline.kz